

ОҚУҒА ШАҚЫРУ

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАУ АКАДЕМИЯСЫ СЕНІ КҮТЕДІ!

Мамандықты дұрыс таңдау болашақтағы жетістіктің кепілі болмақ. Қазақстан Республикасындағы Өрт қауіпсіздігі саласында оқытатын жалғыз жоғары оқу орны - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы болып табылады. Аталмыш оқу орнының күндізгі оқу бөліміне 16 жасқа толған және денсаулық жағдайы бойынша жарамды ұл-қыздар қабылданады.

Академияда оқу тегін, күндізгі оқу нысаны бойынша оқу мерзімі 4 жыл, ол әскери қызмет өткеру мерзіміне есептеледі.

Курсанттар оқу кезеңінде мемлекеттің қамсыздандыруында болады. Академия келесі мамандықтар бойынша оқытады: «Өрт қауіпсіздігі», «Төтенше жағдайларда қорғау», «Өрт сөндіру және авариялық — құтқару ісі», «Азаматтық қорғаныс күштерінің командалық тактикасы». Академияны бітіргеннен кейін «Азаматтық қорғау лейтенанты» арнаулы атағы беріледі және орта басшы құрам лауазымдарында жұмысқа орналасумен 100% қамтамасыз етіледі. Осы оқу орнының курсанты болу үшін қандай оқу пәндерін қарқынды оқу керек? Бірінші кезекте спортпен шұғылдану керек, өйткені талапкерге дене дайындығы бойынша нормативтерді тапсыруға тура келеді. Атап айтқанда, 100 метр жүгіру, 1000 метр жүгіру, 1 минут ішінде шалқақан жатып кеудені көтеру және тартылау. ҰБТ тапсыру үшін пәндер тізімінде: Математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы бар. Бейінді пәндерге математика, физика жатады.

Азаматтық қорғау академиясында білім алу басқа оқу орындарындағыдай емес. Оқыту жанды дамыту мен тоқтатудың физика-химиялық негіздерін, өрт тактикасын қамтиды. Әскери және дене шынықтыру циклына негізделген

дене шынықтыру, саптық дайындық бар. Әсіресе, дене шынықтыру дайындығына ерекше көңіл бөлінеді.



Үміткерлер мен арамызда спорт шеберлері мен оған үміткер болған курсанттар да бар. Олардың арасында өртте қолданбалы спорт түрлері де бар.

Бұл мамандық кімдерге қолайлы? Ең алдымен бұл саланы таңдаған жастардың денсаулығы мен төзімділігі мықты болуы керек.

Нағыз рухы мықты ержүрек жігіттер ғана өздерін осы мамандыққа арнайды деп сеніммен айтуға болады. Мамандықтың болашағы: Замануи технология дамығанымен ешқандай құрылыс материалдары мен автоматты өрт сөндіру жүйелері өрт қауіпсіздігіне кепілдік бере алмайды, өйткені адам факторының әсері тым үлкен. Сондықтан, бұл мамандық қай кезеңде де қажет, сұранысқа ие. Күндізгі оқу нысаны бойынша академияға түсу туралы толық

ақпаратты Махамбет ауданы төтенше жағдайлар бөліміне, З.Наурызова, 12 мекен-жайына барып біле аласыздар. Жұмыс телефоны 8 (7122) 2-12-01 және 87784391996 ұялы телефондары бойынша хабарласуға болады.

Махамбет ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

КЕЗДЕСУ



Ауғанның отты жалынын кешкен

Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ауғанның отты жалыны» атты ардагерлермен кездесу кеші өтті.

Ауған соғысы ардагерлерімен кездесуде батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды. Жиынға қатысқан аудан әкімі Қайрат Нұрлыбаев «Кеңес әскерінің Ауғанстан Республикасынан шығарылғанына 35 жыл толуына арналған» медальді табыстап, ризашылығын жеткізді.

— Біздің мектептерде сіздерді ұлықтап, түрлі іс-шаралар өткізіп жатады. Сіздер қай кезде де құрметке лайықтысыздар және ол бір сөт те күн тәртібінен түспейді. Отбасыларыңыз аман болып, көрінген ұрпақтың қызығын көріңіздер. Денсаулықтарыңыз мықты болсын. Қатарымыз сиремей, жылама-жыл осылай бас қосуға жазғай,- деді аудан әкімі.

Айтулы датаға орай ауданда бірқатар іс-шара қолға алынды. Мәселен, аудан орталығынан Ауған соғысы жауынгерлеріне ескерткіш орнатылды. Орталық көшелердің біріне Ауған соғысының ардагері Мәлік Ғабдуллиннің есімі берілді. Онымен қоса салтанатты шаралар, көрмелер мен спорттық сайыстар ұйымдастырылды.

— Еліміз тыныш болсын, ешқашан соғыс болмасын. Балаларымыз аман болсын. Ынтымақта, бірлікте өмір сүрейік. Түрлі қиыншылық жағдайлар болып жатыр. Оның барлығына да төзе білдік, төзе де білеміз. Баршаңызға көп-көп рахмет!- деді Ауған соғысы ардагерлері аудандық ұйымының төрағасы Оңайғали Исаков.

10 жылға созылған сұрапыл соғысқа Махамбет ауданынан 43 адам қатысып, оның үшеуі жат жерде ерлікпен қаза тапса, 12-сі елге келгеннен кейін түрлі себептермен қайтыс болған. Қазір ауданда Ауған соғысының 19 ардагері тұрады. Барлығы да бүгінде мемлекет тарапынан жеңілдіктер алып отыр.

Қ.БАҒЫТ

ЖАРАЙСЫҢДАР!

Махамбеттік балғын спортшылар түрлі додада жоғары көрсеткіш көрсетіп келеді. Жуырда Жамбыл облысы Қаратау қаласында өткен республикалық турнирде бақ сынап, аудан намысын абыроймен қорғай білді.

Республикалық турнир жүлдегері



Талас ауданының Құрметті азаматы Кеңесхан Ахаевты еске алуға арналған футболдан 2012-2013, 2014-2015 жылы туған жасөспірімдер арасында өткен республикалық жарысқа «БЖСМ №11» (Сырдария), «БЖСМ №32» (Жамбыл), Байзақ ауданы «ALATAU FC 2013», «LION» (Қаратау) командаларымен қатар ауданымыздың спорт мектебінің футбол бөлімінің тәрбиеленушілері қатысты.

Айналмалы жүйеде ұйымдастырылған спорт бәсекесінің қорытындысында аудан футболшылары төрт ойында жеңіске жетіп, бір ойында ұтылып, жүлделі II орынды қанжығалады. Команда ойыншысы Санжар Елубай республикалық турнирдің «Үздік жартылай қорғаушысы» атанды. Футболшыларды дайындаған жаттықтырушылар — А.Идрисов, Д.Ғабдоложан, А.Алдешов және Ш.Нұрмұханбетов.

Қ.АЙТҚАЛИЕВ

ҰЛТТЫҚ БАНК

ҰЛЫ ҚОЛБАСШЫЛАРҒА АРНАП МОНЕТА ҚҰЙЫЛДЫ

Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) «Есте қалатын оқиғалар мен біртуар адамдар» сериясынан S.NURMAGAMBETOV. 100 TYN және «Ұлы қолбасшылар» сериясынан ALEXANDER THE GREAT коллекциялық монеталарын айналысқа шығарады. Бұл туралы бізге «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Атырау филиалының қолма-қол ақшамен жұмыс және кассалық операциялар бөлімі хабарлады.



Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі және Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовке арналған жаңа монетаның дизайнында оның портреттік бейнесі қолданылған. Коллекциялық монеталар Қазақстан теңге сарайында мельхиор (МН 25) қоспасынан дайындалған. Массасы — 15 грамм, диаметрі — 33 мм, дайындау сапасы — brilliant uncirculated, номиналы — 200 теңге, таралымы 5000 (бес мың) дана болып отыр.

Келесі тағы бір коллекциялық туынды

ALEXANDER THE монетасы ежелгі әлемдегі ең үлкен империялардың бірін құра алған Ескендір Зұлқарнайын қолбасшыға (б.з. дейін 356 — 323) арналған. Монета 925 сынамалы күмістен дайындалған. Массасы — 31,1 грамм, диаметрі — 38,61 мм, дайындау сапасы — proof, номиналы — 1 000 теңге, таралымы — 2000 (екі мың) дана.

Аталған коллекциялық монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында өздерінің



белгіленген құнына сай төлемдердің барлық түрі бойынша қабылдауға, сондай-ақ елдің барлық банкінде банк шоттарына есепке алуға, аударуға, ұсақтауға және айырбастауға жатады. Олардың сатылымға шығатын күні туралы ақпарат ҚҰБ ресми сайтында қосымша орналастырылады.

А.САТАЕВА



Шаңырағымызға түскен орны толмас қайғыға ортақтасқан ағайын-тума, құда-жекжат, көрші-көлем, дос-жарандар, ұжымдастарға және көзін көрген жамағатқа ризашылығымызды білдіре отырып, ұлымыз, бауырымыз, асыл жар, асқар тау әке Жароллаұлы РУСАННЫҢ рухына бағышталған жылдық асына шақырамыз. 2025 жылдың 11 қаңтар күні сағат 12:00-де.

Мекен-жайымыз: Махамбет ауданы, «DAULET HALL» мейрамханасы.

Ас берушілер: ата-анасы, зайыбы, балалары. Тілекбаевтар әулеті.

«АТЫРАУИНЖСТРОЙ-АИС» ЖШС жобадағы қоғамдық пікірталастар арқылы жалпы тыңдаулар өткізеді: «Атырау облысы Махамбет ауданындағы Қызылжар-4 кен орнындағы сазды жыныстарды өндіру бойынша операциялардың салдарын жоюдың болжамды құнын жою және жою жоспарына» қоршаған ортаны қорғау бөлімі Жергілікті атқарушы орган: «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Экологиялық реттеу бөлімі, басшысы, тел 8 (7122) 32-55-09. ҚОҚ бөлімі бойынша ескертулер мен ұсыныстар: atr.priroda@atyrau.gov.kz электрондық мекен-жайға қабылданады.

Жобалық құжаттамамен <https://ecoportal.kz/> Бірыңғай экологиялық порталында және «Атырау облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Жария талқылаулар 17.01.2025ж. бастап 10 жұмыс күні ішінде бірыңғай экологиялық портал сайтында өтеді. Барлық ескертулер мен ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда көрсетілген мерзімде қабылданады. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Тапсырыс беруші: «АТЫРАУИНЖСТРОЙ-АИС» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Сарықамыс ш.а., Жиёмбет к-сі, 4 үй. БСН 010 240 004 437, э.адрес: gulsim81@list.ru. Тел.: 87017455732 Орындаушы: «Казгеоизыскания» ЖШС. Атырау облысы, Атырау қаласы, Азаттық даңғылы 48.

БСН: 060840007482. э.мекен-жайы: environment@nss.kz. тел.: 87122950001 Ұсынылған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар кезінде алуға, сондай-ақ ұсынылған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін gulsim81@list.ru электрондық поштасы арқылы сұратуға болады.

ТОО «АТЫРАУИНЖСТРОЙ-АИС» проводит общественные слушания посредством публичных обсуждений по проекту: Раздел Охраны окружающей среды к «Плану ликвидации и расчета приблизительной стоимости ликвидации последствий операций по добыче глинистых пород месторождения «Кызылжар-4» в Махамбетском районе Атырауской области» Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области», отдел экологического регулирования, руководитель, тел 8(7122)32-55-09. Замечания и предложения к разделу ООС принимаются на электронный адрес: atr.priroda@atyrau.gov.kz.

С проектной документацией можно ознакомиться на Едином экологическом портале <https://ecoportal.kz/> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Атырауской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru>.

Публичные обсуждения состоятся с 17.01.2025г. в течении 10-ти рабочих дней на сайте Единый Экологический портал. Все замечания и предложения принимаются в указанный период на Едином Экологическом портале. По истечении данного срока замечания и предложения не принимаются.

Заказчик проекта: ТОО «АТЫРАУИНЖСТРОЙ-АИС». Атырауская область, г. Атырау, мкр Саркамыс, ул. Жиёмбета, д. 4. БИН 010 240 004 437. эл. почта: gulsim81@list.ru. тел: 87017455732 Исполнитель проекта: ТОО «Казгеоизыскания». Атырауская область, г. Атырау, пр. Азаттык 48.

БИН 060840007482, э.адрес: environment@nss.kz. Тел: 87122950001 Можно получить дополнительную информацию о намечаемой деятельности.у при проведении публичных слушаний, а также запросить копии документов, относящейся к намечаемой деятельности по электронному адресу: gulsim81@list.ru

«Жайық шұғыласы»

газеті әр аптаның бейсенбі күні жарық көреді. Жарнама дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері тәңертеңгі сағат 9:00-ден 18:30, сәрсенбі күні 11:00-ге дейін қабылданады.

Мекен-жайымыз: Жеңістің 50 жылдығы көшесі, №25 үй.

Тел: 8 71(236) 2-11-34, 8 778 144 8801 Нүргүл Жарнама бөлімі



Неміс есту аппараттары сатылады.

Ұялы телефон 870110591